

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы Шекара арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қазан N 1550

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 7 сәуірде Баку қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы Шекара арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен
Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы
Шекара арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және
қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті,
мәдени құндылықтардың заңсыз әкелінуі, әкетілуі және транзиті мемлекеттердің
кеден және өзге құзыретті органдары қорғалуына жәрдемдесуге міндетті халықтың
мәдени игілігіне нұқсан келтіретінін атап көрсете отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің
арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы
келісімнің ережелерін жүзеге асыру мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

Қазақстан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі

уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті болып табылады.

Әзербайжан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптарға дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабарланатын болады.

2-бап

Тараптар мәдени құндылықтардың Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекаралары арқылы заңсыз өткізілуіне қарсы күресті күшейтуге ұмтылатын болады.

3-бап

Мәдени құндылықтар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының ережелерімен қарастырылған жағдайларда осы мемлекеттерден әкетуге берілген тиісті рұқсат болған ретте әкетіледі.

Осы келісім бойынша мәдени құндылықтар түсінігі әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңдарына сәйкес анықталады.

4-бап

Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсатты аумағынан әкету жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің соған уәкілетті органы береді.

5-бап

Мәдени құндылықтарды өткізуші жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың өкілдері өздерінде осындай құндылықтардың бар екендігі туралы хабарлауы және оларды кедендік бақылау үшін әкетуге берілген рұқсаттармен бірге көрсетуге тиіс.

Мәдени құндылықтарды әкетуге берілген рұқсаттар болмаған жағдайда олар ұсталады және бұл туралы осы құндылықтар мемлекетінің аумағынан әкетілген Тараптардың біріне дереу хабарланады. Мұндай жағдайларда мәдени құндылықтарды әкетуге берілген рұқсаттарды көрсетуге екі айдан аспайтын мерзім белгіленеді.

6-бап

Тараптар:

- әкетуге берілген рұқсаттармен қоса алып жүрілмеген, ұсталған мәдени құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтаруды;
- мәдени құндылықтарды заңсыз өткізгендігі үшін ұсталған тұлғаларды жауапқа тартқан жағдайларда, осы құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтаруды, аталған тұлғалардың жауапқа тартылғандығы туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін жүргізіледі;
- қайтарылатын мәдени құндылықтарды тапсыру мен қабылдау үшін өздерінің уәкілетті өкілдерін тағайындауды;
- Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес әкетуге тыйым салынған мәдени құндылықтар туралы өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін болады.

7-бап

Тараптардың кеден органдары ұстаған мәдени құндылықтар осы Келісімнің 5-бабында аталған тиісті тексеруден кейін жеке тұлғаларға немесе заңды тұлғалардың өкілдеріне тікелей қайтарылады. Мәдени құндылықтарды қайтаруға байланысты буындаған барлық талаптарды аумағынан әкету жүзеге асырылатын мемлекет қарастырады.

8-бап

Тараптар, мамандардың сапарларымен (егер Тараптардың бірі қажет деп санаса), ұсталған мәдени құндылықтардың сақталуымен, тасымалымен әкелінген немесе

транзит мемлекетінен әкетілген мемлекетке қайтаруға байланысты туындаған шығыстардың орнын толтыруды қоспағанда, осы Келісімді пайдалану жөнінде бір-біріне өзара қайтарымыз көмек көрсетеді. Аталған шығыстарды әкету жүзеге асырылған мемлекеттің кеден қызметі өтейді.

Осы Келісімге сәйкес қайтарылатын мәдени құндылықтарға кедендік немесе басқа да төлемдер салынбайды.

9-бап

Тараптар ынтымақтастық мәселелері жөнінде тұрақты кеңеседі және осы Келісімді орындау шеңберінде тәжірибе алмасуды жүзеге асырады.

Тараптар арасындағы хат-хабар орыс тілінде жүргізілетін болады.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға байланысты туындаған барлық даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялармен келіссөздер арқылы шешіледі.

Екі Тараптың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас

бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тараптар бірден өздерінің мемлекеттерінде мәдени құндылықтарды әкелудің тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін алмасады және одан әрі осы нормативтік құқықтық актілердегі барлық өзгерістер туралы жүйелі түрде хабарлап тұратын болады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелеріне ықпал етпейді.

13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Кеден комитетінің арасындағы Контрабандамен және кеден ережелерін бұзушылықпен күрестегі ынтымақтастық туралы 1993 жылғы ақпандағы келісім өз қолданысын тоқтатады.

14-бап

Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалады және Келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ететін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы бір-біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлағаннан кейін күшіне енеді. Тараптардың бірде-бірі осы Келісімнің тиісті мерзімі өтерден алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол келесі 5 жылдық мерзімдерге ұзартылады және

күшінде қала беретін болады.

Баку қаласында 2000 жылғы 7 сәуірде қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
үшін

Әзербайжан Республикасының
Мемлекеттік кеден комитеті
үшін

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

